

Қазақстан Республикасының шет елдік инвестициялар тарту бойынша саясатының өзекті мәселелері

Аңдатпа. Мақалада қарастырылатын негізгі мәселе Қазақстан Республикасының шет елдік инвестицияларды тарту саясатын оның тартымдылығы, елдегі қалыптасқан инвестициялық жағдай және сыртқы салымдардың көбею қарқыны тұрғысынан талдау болып табылады. Қазақстан Республикасында инвестициялар саласындағы нормативтік құқықтық актілерді қарастыру арқылы, бұл саланың құқықтық негізде қорғалуын қарастыру. Инвестиция саласын дамытудағы арнайы экономикалық аймақтардың орнын айқындау, оның елдің экономикасына әсерін қарастыру. Қазақстандағы жұмыс жасайтын Қор биржаларының орнын айқындау, инвестиция тарту саласындағы шараларын қарастыру. Қазақстанның инвестиция тарту бойынша әлемдік рейтингтегі көрсеткіштерін қарастыру, елге инвестиция салу бойынша қауіптер мен тәуекелдерді айқындау арқылы ұсыныстар мен ескертпелер айтылды. Инвестицияларды тарту саласындағы мемлекеттік органдардың жұмысын бағалау, «Kazakh Invest» компаниясының инвестиция саласындағы мақсатын айқындау, ғылыми ұсыныстар беру жүзеге асырылады.

Түйін сөздер: инвестиция, институционалдық инвесторлар, қор биржалары, Kazakh invest, арнайы экономикалық аймақтар, KASE, AIX, нормативтік актілер, инвестициялық жобалар, инвестициялық преференциялар.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2023-143-2-142-150>

Түсті: 22.12.2022 / Жариялауға қабылданды: 10.01.2023

Кіріспе

Қазіргі жаһанданған экономикалық жүйелер жағдайында әлемнің кез келген үлкенді-кішілі елі үшін сырттан келетін инвестициялар заманауи дамудың басты алғы шарттарының бірі болып табылады. Бүгінде қарыштап дамып отырған мемлекеттердің қайсысын алмасақ та, олардың табысты өркендеу жолы шет елдік инвестицияларды тартып қана қоймай, сонымен қатар, тиімді түрде пайдалана алуында жатқанын көреміз. Сондықтан, тәуелсіздік алған күннен бастап жас қазақ мемлекетінің аяғынан тұрып, дамуының күн тәртібінде Батыс пен Шығыстың ауқатты елдерінен инвестициялар тарту мәселесі тұрды.

Бүгінде Қазақстанның инвестиция тарту бойынша қызметі экономикамыздың дамуын қамтамасыз ететінін маңызды бағыттарың бірі екенін ескере отырып, оны ғылыми мәселе ретінде барынша зерттеу өзекті болып отыр. Мақалада инвестиция саласындағы нормативтік құқықтық актілердің реттелуі, инвестиция тарту саласындағы Сыртқы істер министрлігінің қызметі, «Kazakh invest» компаниясының қызметін қарастырылады. Қазақстандағы инвестиция тарту бойынша арнайы экономикалық аймақтарының қызметіне шолу жүргізіледі. Сонымен қатар, Қазақстанға инвестиция құюдың қауіптері қарастырылып, оның қазіргі еліміздегі инвестициялық климатына әсерін

айқындау болып табылады. Қазақстандық қор биржаларының қызметін пысықтап, еліміздің әлемдегі шет елдік инвестиция тарту бойынша рейтингін айқындау, инвестициялық климатты жақсарту бойынша қолға алу тиіс ұсыныстар беріледі.

Зерттеу әдістері

Мақалада Қазақстанның шет елдік инвестициялар тарту бойынша саясатын талдауда салыстырмалық, кейс стади, рейтинг көрсеткіштерді сараптау әдістері қолданылған. Сонымен бірге, мәселені тереңірек ашу мақсатында сандық сараптама жүзеге асырылды. Зерттеу нәтижесінің құндылығы Қазақстандағы қалыптасқан инвестициялық климатты айқындаумен бірге, ел экономикасына салынатын шет елдік капиталды көлемін арттыру, оларды тиімді пайдалану жөнінде ғылыми ұсыныстар беру болып табылады.

Негізгі бөлім

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 6 наурыздағы «Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2020-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» № 280 жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының экономикалық дипломатия саласындағы басты назар аударатын бағыт шетелдік инвестицияларды тарту мақсатында халықаралық ынтымақтастықты кеңейту. Өз кезегінде негізгі шет елдік инвестициялар тарту салалары келесі бағыттар ретінде машина және құрал жасау, жеңіл өнеркәсіп, мұнай сервисі саласы, мұнай-газ химиясы және мұнай өңдеу, түсті металлургия, білім беру, туризм, агроөнеркәсіптік кешен, құрылыс материалдарын өндіру, тау-кен өндіру өнеркәсібі, көлік және логистика, денсаулық сақтау және агрохимия өнеркәсібі салалары айқындалған. [1]

Инвестиция саласын дамыту мақсатында, оның нормативтік құқықтық актілерімен реттеліп, құқықтық қорғау мен қолдау көрсету негізгі міндет болып табылады. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік Кодексіне сәйкес инвесторлардың өз құқықтарын қорғауға, кіріс алуға кепілдіктер, инвестициялық қызметтерге байланысты ақпараттың ашықтығы және өзге де заңмен айқындалған қорғау тетіктері бар. Өз кезегінде, инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың өзіндік көмектері белгіленген.

Осы ретте негізгі тетік ретінде инвестициялық преференциялар беру мен инвесторлар үшін жасалған «бір терезе» қағидатын атап өтуге болады.

Инвесторларға преференцияларға келесідей жеңілдіктерді атап өтуге болады. Оларға, кедендік баждар және импортқа қосылған құн салығын салудан босату, мемлекеттік заттай гранттар беруді атап өтуге болады. Ал, инвесторлар үшін бір терезе қағидаты инвесторлардың құжаттарды жинау мен даярлауға қатысуын барынша азайту үшін барлық мәселелерді бір ұйым арқылы реттеу, яғни қазіргі кездегі халыққа қызмет көрсету орталығы сипатындағы ұлттық компаниялар арқылы реттеу айқындалған. [2]

Қазақстанда инвестиция саласын дамытуды жүзеге асыратын уәкілетті орган ретінде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі белгіленген. Министрліктің негізгі міндеті инвестициялық саясатты жүзеге асыру, инвестициялық жобаларды іске асыру және мониторинг жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Негізгі қызметі: инвестицияны мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру, консультация беру, инвесторларға қажетті құжаттарды дайындау мен рәсімдеуге көмек көрсету, инвестициялық келісім шарттарды тіркеуді жасау, обсудмен қызметін қамтамасыз ету, инвестициялық преференцияларды беруді қарастыру, инвестициялық келісім шарттардың орындалуын бақылау, инвестициялық салық кредитін беруді қарастыру және өзге де қызметтерді атқарады. [3]

Өз кезегінде, инвестицияларды тартуды жүзеге асыратын негізгі компанияның бірі «Kazakh invest» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамы болып табылады. Компанияның инвестицияларды тартуда бірінші міндеті инвестиция көздерінің негізгі елдерін айқындау. Елдерді таргеттеуде негізгі елдер ретінде Ұлыбритания, Германия, Италия, Франция, АҚШ, Ресей Федерациясы, Қытай Халық Республикасы, Корея Республикасы, Жапония, Түркия және БАӘ анықталды. Сонымен қатар, инвесторларды таргеттеу арқылы инвестиция тартудың бағыттарын айқындау назарға алу қажет. Инвесторлар негізгі стратегиялық және институционалдық инвесторлар болып бөлінеді. Стратегиялық инвестордың компанияның басқарушылық бөлігін алуға мақсат қойса, институционалдық инвесторлардың мақсаты компанияның үлесін иелене отырып,


пайда табу болып табылады. Компания 2027 жылға дейін инвестицияны тартуда келесі жетістіктерге жетуді мақсатқа қойған: Қазақстанның экономикасына кемінде 59 трансұлттық компаниялардың қатысуын қамтамасыз ету, шет елдік инвестициялардың ағымын кемінде 25,8 миллиард АҚШ долларына жеткізу, шикізаттық емес секторлардың инвестицияларын 45 жобаға дейін ұлғайту.

Сонымен бірге, Қазақстанға инвестицияларды тартуда Компанияның келесі елдерде өкілдері орналасқан: Қытай Халық Республикасы, АҚШ, БАӘ, Германия, Нидерланды, Түркия, Катар, Үндістан, Оңтүстік Корея. Бұл өкілдердің негізгі мақсаты әлеуетті инвесторлардың Қазақстан Республикасына сапарын, Қазақстан Республикасының бірінші тұлғаларының шетелдерге ресми сапарын, үкіметаралық комиссиялардың, іскерлік кеңестердің отырыстары, дөңгелек үстелдер, Қазақстан

Республикасының экономика күндері, бизнес-форумдар, роуд-шоу, конференциялар, инвестиция мәселелері бойынша келіссөздер ұйымдастыру жөніндегі функцияларды жүзеге асырады. [4]

Сонымен қатар, «Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 3 сәуірдегі Заңыныңына сәйкес Қазақстанда арнайы экономикалық аймақтардың белгіленгенін атап өткен жөн. Арнайы экономикалық аймақтың негізгі мақсаты өнімділігі жоғары, бәсекеге қабілетті жаңа өнімдерді дамыту, жаңа қызметтердің сапасын дамыту, экономиканың салаларының және өңірлердің дамуына инвестициялар тарту, жаңа технологиялар ендіру, сонымен бірге халықтың жұмыспен қамтылуын арттыру болып табылады. [5]

Kazakh invest компаниясының ақпаратына сәйкес, қазіргі кезде Қазақстанда 13 арнайы экономикалық аймақтар бар [6]:



1. «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағы 2001 жылдың 29 маусымында құрылған. Негізгі мақсаты: Астана қаласын даму, инвестициялар тарту және жаңа технологияларды енгізу;

2. «Астана – Технополис» арнайы экономикалық аймағы 2017 жылдың 24 қарашасында құрылды. Негізгі мақсаты: Астана қаласын даму, инвестициялар тарту, жаңа технологияларды енгізу және ғылыми зерттеулері ұйымдастыру;

3. «Қорғас» ШЫХО арнайы экономикалық аймағы 2017 жылдың 6 қазанына құрылды. Бұл аймақ Қазақстан мен Қытай арасына сауда саттықтың дамуын реттеу үшін құрылған;

4. «ТҮРКІСТАН» арнайы экономикалық аймағы 2018 жылдың 29 қазанында құрылған. Негізгі мақсаты Түркістан қаласын дамыту, инвестициялар тарту, туристік инфрақұрылымды дамыту;

5. «Qyzyljar» арнайы экономикалық аймағы 2019 жылдың 11 қазанында құрылған,

мақсаты Петропавл қаласын дамыту, инвестиция тарту, өндірістерді құру;

6. «Тараз химиялық паркі» арнайы экономикалық аймағы 2012 жылдың 13 қарашасында құрылған, мақсаты химиялық өнімдердің жаңа өндірісін қалыптастыру;

7. «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағы 2011 жылдың 24 қарашасында құрылған, мақсаты экономика салаларындағы аймақта орналасқан компанияларды дамытуға көмектесу;

8. «Павлодар» арнайы экономикалық аймағы 2011 жылдың 29 қарашасына құрылған, мақсаты химия, мұнай-химия өнеркәсібін дамыту, металлургия өнеркәсібін және металл өңдеу өнеркәсібін дамыту болып табылады;

9. «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағы 2017 жылдың 19 желтоқсанында құрылған, мақсаты көмірсутек шикізатын терең өңдеу және мұнай-химия өнімдерін өндіру;

10. «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағы 2003 жылдың 1 қаңтарында құрылған, мақсаты Ақтау өңірін дамыту, инвестициялар тарту, өндірістер құру;

11. «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағы 2003 жылдың 1 қазанында құрылған, мақсаты ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, телекоммуникация және байланыс саласындағы технологиялар, электроника және аспаптар; жаңартылатын энергия көздерін дамыту;

12. «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы 2011 жылдың 29 қарашасында құрылған, мақсаты шекаралық экономикалық ынтымақтастықты дамыту, экспорттық өндірістерді дамыту, көлік инфрақұрылымын, туризмді дамыту, Алматы облысын дамыту;

13. «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағы 2005 жылдың 1 шілдесінде құрылған, мақсаты мақта өңдеу өнеркәсібі, тоқыма және


тігін өнеркәсібі кәсіпорындарын дамыту, химия және мұнай-химия өнеркәсібін дамыту.

Бұл жүзеге асырылып жатқан іс-шаралар Қазақстанның экономикасына инвестицияларды тарту, экономика салаларын дамыту, сол өңірде құрылған аймақтарды дамытуды негізгі мақсат ретінде алынға.

Жоғарыда мазмұндалғандай, Қазақстанда инвестиция саласын заңнамалық реттеу пысықталып қарастырылған, оның орындалуын қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар мен компаниялар айқындалған. Алайда, кейбір салалар бойынша тәжірибеде қорғалуының сапасыздығын атап өткен жөн. Бұл өз кезегінде Қазақстанның шет елдік инвесторлар үшін дәрежесінің төмендететінін түсіну қажет және шет елдік инвесторлардың Қазақстанға инвестиция құюдың қауіпі бар екенін көрсетеді. Мәселен, Қазақстан Республикасы мен Анатоли Стати, Габриэль Стати ісі әлі күнге дейін шешімі табылмаған. Өз кезегінде, Қазақстан Республикасы Әдилет министрлігінің ақпаратына сәйкес 2023 жылдың 9 қаңтарында Амстердамның Округтік сотының шешіміне сәйкес Статидің талап арызы қанағаттандырудан бас тартылған. [7]

Сонымен қатар, Қазақстандағы 90 жылдардағы мұнай саласындағы инвестицияларды тартуда «Kazakhgate» ісін де ескерген жөн. Бұл Америка Құрама штаттары мен Джеймс Гиффен арасында болып, Қазақстандағы мұнай саласындағы жемқорлық іс ретінде қарастырылды. Алайда, шет елдегі жемқорлық ісі бойынша, АҚШ соты Джеймс Гиффенді АҚШ-тың патриоты деп танып, істі жапқан болатын. [8]

Сонымен бірге, «Transparency international the global coalition against corruption» ұйымының Қазақстандағы жемқорлықтың рейтингін 2012-2021 жылдар аралығын салыстырсақ келесідей жағдайды көреміз:



Қазақстанның 10 жылдық аралығындағы жемқорлықтың рейтингі бойынша орташа есебі 120 орында, әрине 2020 жылғы жемқорлық рейтингі бойынша Қазақстан 94 орында болғанмен, 2021 жылы 102 орынды алып, қайтадан төменгі сатыға түсті. [9]

Өз кезегінде, Қазақстанның саяси режимінің қауіпін ескеркен жөн. Қазақстанның билік жүйесін заң шығарушы Парламенттен, оның ішінде Сенат және Мәжіліс, атқарушы орган – Үкіметтен, сонымен қатар сот жүйесінен тұрады. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес бұл органдар өзара тең дәрежеде бағаланады. [10] Алайда, бұл органдар тікелей немесе жанама түрде Президентке бағынады және көптеген саяси шешімдер Президент арқылы шешіледі.

Сонымен бірге, Қазақстандағы 2022 жылғы қаңтар оқиғасы, еліміздің саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайының нашар екенін белгілейтін факторлардың бірі болды.

Ал, егер инвестиция тартудың маңызды тектіктерінің бірі қор биржаларының қызметіне тоқталатын болсақ, келесідей жетістіктер мен кемшіліктерді көруге болады.

Мәселен, қазіргі кездегі Қазақстандағы негізгі қор биржасы – «Қазақстан Қор биржасы» (KASE) болып табылады. Биржаның негізгі мақсаттардың бірі Қазақстандағы компаниялардың дамуына үлес қосу мақсатында, жеке және ірі инвесторларға бағалы қағаздарды, деривативтермен өзге де құралдарды сатып алуға мүмкіншілік беру, яғни сауда нарығының орталығы болып табылады. Қазіргі кезде Қазақстандағы ең ірі компаниялар өзінің үлестерін биржаға

орналастырған, оларға: «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ, «Kaspi.kz» АҚ, «Қазатомпром» ҰК» АҚ, «Халық банк» АҚ және т.б. орналастырылған. [11] Алайда, Қазақстанда KASE-ден басқа Астана халықаралық биржасының (AIX) бар екенін назар аудару қажет. AIX 2017 жылы «Астана» халықаралық қаржы орталығын дамыту үшін құрылған. Негізгі мақсаты ретінде бизнес пен инвесторларға инновациялық өнімдер мен қызметтерді ұсыну арқылы Орталық Азияда, шет елдерде сенімді және өтімді капитал нарығын құру. AIX биржасы ағылшын құқығының юрисдикциясында жұмыс атқарады және негізгі акционерлері – Астана халықаралық қаржы орталығы, Goldman Sachs, Шанхай қор биржасы, Жібек жолы қоры және АҚШ-тың NASDAQ биржасы болып табылады. [12]

Қазақстанда екі түрлі заңнамалық реттелетін қор биржаларының болуы бағалы қағаздар нарығындағы ерекше жағдай болып табылады. KASE қор биржасы романо-германдық құқық саласында, яғни нормативтік құқықтық актілермен реттелсе, AIX биржасындағы қарым-қатынастар англосаксондық құқық жүйесі, прециденттік құқықпен реттеледі. Сонымен қатар, шет елдік мемлекеттердің басым көпшілігі бір қорбиржасымен қызмет атқарады, тек ірі дамыған мемлекеттердің екі немесе одан да көп қор биржалары бар. Осыған орай, Қазақстанның екі түрлі биржаның болуына көптеген сұрақтар бар. Оның мақсатқа сәйкестігіне байланысты, арнайы зерттеулер жүзеге асырылу қажет деп пайымдаймын.

Қазақстанның шет елдік инвестициялардың үлесінің рейтингін қарастырсақ келесідей жағдайды көреміз.

Global Economy рейтингіне сәйкес Қазақстан 2021 жылдың қортындысы бойынша **96 орында** орналасқан, бұл шет елдегі

инвестициялардың 2,22% құрайды. Ал, 2014 жылдан 2021 жылдар аралығында мынадай динамиканы көруге болады:

Жылдар	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
Пайыз	3,30%	3,57%	12,55%	2,85%	0,20%	2,05%	4,21%	2,22%

Бұл орташа есеппен, 2014-2021 жылдардағы Қазақстандағы шет елдік инвестициялардың пайыздық мөлшері 3,8% құрайды. 2020 жылмен салыстырғанда 2021 жылы көрсеткіштің төмендеуін коронавирустық пандемияға байланысты шектеулермен түсіндіруге болады. Ал, 2021 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Азия елдер аралығындағы 21 орында болды. [13]

Қорытынды

Жоғарыда мазмұндалғанның негізінде, Қазақстандағы инвестициялық климатын жақсаруын қамтамасыз ету үшін келесідей жағдайларды қамтамасыз еткен дұрыс:

1. Қазақстанның саяси жүйесінің тұрақтылығын, заң шығарушы, атқарушы және сот билігінің дербестігін қамтамасыз ету қажет. Бұл жағдайда елімізде қазіргі кезде жүргізіліп жатқан реформалардың одан әрі дамуын жүзеге асырып, «Жаңа Қазақстан» құруды қолға алу.

2. Қазақстандағы жемқорлықтың инвестиция саласына әсер етпеуін, ашық дәрежеде болуын қамтамасыз ету. Бұл ретте,

инвестиция салаларында жүзеге асырылатын келісімдердің жариялығын қамтамасыз ету, орындалу барысын мониторингілеу және ашық компаниялар негізінде әр тоқсандық қортындыны халыққа ұсыну.

3. Қазақстандағы инвестицияларды тартудың маңызды тетігі ретінде қор биржалары екенін ескере отырып, олардың одан әрі дамуына назар аударудың қажеттілігін атап өткен жөн.

4. Қазақстанның әлеуметтік ахуалын жақсартуды жүзеге асыру. Бұл жағдайда Қазақстандағы компаниялардың үлесін халыққа тең дәрежеде бөлуді жүзеге асыруға болады. Мәселен, Қазақстандағы ең ірі компаниялардың бірі «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ-ның 2022 жылдың 9 қарашасынан 2 желтоқсанның аралығындағы IPO өткізуі жағымды жағдай болып табылады. IPO қортындысына сәйкес 18,3 миллион акция 153 миллиард теңгеге сатылған болатын. Алайда, бұл акциялардың көпшілік иелері орта және жоғары топтағы азаматтардың сатып алғанын атап өткен жөн. Осыған орай, азаматтарға Қазақстанның компанияларының үлестерін әлеуметтік жағдайларына қарай тегін беру мәселесін қарастыруға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2020 - 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 6 наурыздағы № 280 Жарлығы. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2000000280> (қарастырылған күні: 01.05.2022).

2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексі. [Электрон. ресурс]. – 2022. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375#z2363> (қарастырылған күні: 01.05.2022).

3. «Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Инвестиция комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2019 жылғы 30 қаңтардағы № 11-1-4/33 бұйрығы. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/G19IY111433> (қарастырылған күні: 01.05.2022).

4. «KAZAKH INVEST» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының 2018 – 2027 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 28

желтоқсандағы № 900 қаулысы. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000900> (қарастырылған күні: 01.05.2022).

5. «Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы» 2019 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000242> (қарастырылған күні: 01.05.2022).

6. Kazakh invest компаниясының ресми сайты, [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://invest.gov.kz/kz/doing-business-here/fez-and/the-list-of-sez-and/> (қарастырылған күні: 01.05.2022).

7. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми сайты. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/adilet/press/news/details/486826?lang=kk> (қарастырылған күні: 01.05.2022).

8. Mainjustice сайты. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.mainjustice.com/justanticorruption/2010/11/19/in-stunning-end-to-kazakh-bribe-case-judge-lauds-giffen-as-a-patriot/> (қарастырылған күні: 01.05.2022).

9. «Transparency international the global coalition against corruption» ресми сайты. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.transparency.org/en/cpi/> (қарастырылған күні: 01.05.2022).

10. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамызда Конституциясы, [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> (қарастырылған күні: 01.05.2022).

11. Қазақстан Қор биржасының ресми сайты. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.kase.kz> (қарастырылған күні: 01.05.2022).

12. Астана халықаралық биржасының ресми сайты, [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://aix.kz/kk/about-aix-kk/overview-kk/> (қарастырылған күні: 01.05.2022).

13. The Global Economy.com ресми сайты, [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: https://www.theglobaleconomy.com/rankings/foreign_direct_investment/ (қарастырылған күні: 01.05.2022).

Е.С. Уали

Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Республика Казахстан по привлечению иностранных инвестиций: актуальные вопросы политики

Аннотация. Основным вопросом, рассматриваемом в статье, является анализ политики Республики Казахстан по привлечению иностранных инвестиций с точки зрения ее привлекательности, сложившейся инвестиционной ситуации в стране и темпов роста внешних вложений. Рассмотрение нормативно-правовых актов в сфере инвестиций в Республике Казахстан, защита данной отрасли на правовой основе. Определение места специальных экономических зон в развитии инвестиционной сферы, рассмотрение ее влияния на экономику страны. Определение места действующих фондовых бирж в Казахстане, рассмотрение мер в сфере привлечения инвестиций. Озвучены предложения и замечания по рассмотрению показателей Казахстана в мировом рейтинге по привлечению инвестиций, определению рисков и рисков по инвестированию в страну. Осуществляется оценка работы государственных органов в области привлечения инвестиций, определение цели компании «Kazakh Invest» в области инвестиций, предоставление научных предложений.

Ключевые слова: инвестиции, институциональные инвесторы, фондовые биржи, Kazakh invest, специальные экономические зоны, KASE, AIX, нормативные акты, инвестиционные проекты, инвестиционные преференции.

Ye.S. Uali

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

The Republic of Kazakhstan on attracting foreign investment current policy issues

Abstract. The main issue considered in the article is the analysis of the policy of the Republic of Kazakhstan on attracting foreign investment in terms of its attractiveness, the current investment situation in the country and the growth rate of external investments. Consideration of regulatory legal acts in the field of investments in the Republic of Kazakhstan, protection of this industry on a legal basis. Determination

of the place of special economic zones in the development of the investment sphere, consideration of its impact on the country's economy. Determination of the location of existing stock exchanges in Kazakhstan, consideration of measures in the field of attracting investments. Suggestions and comments were made on the consideration of Kazakhstan's indicators in the world ranking on attracting investments, determining risks and risks of investing in the country. The evaluation of the work of state bodies in the field of attracting investments, the determination of the purpose of the Kazakh Invest company in the field of investments, the provision of scientific proposals is carried out.

Keywords: investments, institutional investors, stock exchanges, Kazakh Invest, special economic zones, KASE, AIX, regulations, investment projects, investment preferences.

References

1. «Qazaqstan Respublikasy syrtqy sajasatynyñ 2020 - 2030 zhyldarğa arnalğan tūzhyrymdamasy turaly» Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniñ 2020 zhylyǵy 6 nauryzdaǵy № 280 Zharlyǵy. [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated March 6, 2020 No. 280 *On the concept of foreign policy of the Republic of Kazakhstan for 2020-2030*]. Available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2000000280>, [in Kazakh]. (accessed 01.05.2022).
2. Qazaqstan Respublikasynyñ 2015 zhylyǵy 29 qazandaǵy Kásipkerlik kodeksi. [Business Code of the Republic of Kazakhstan dated October 29, 2015]. Available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375#z2363>, [in Kazakh]. (accessed 01.05.2022).
3. «Qazaqstan Respublikasy Syrtqy ister ministrliǵınıñ Investicija komiteti» respublikalyq memleketik mekemesiniñ erezhesin bekitu turaly» Qazaqstan Respublikasy Syrtqy ister ministriniñ 2019 zhylyǵy 30 qańtardaǵy № 11-1-4/33 bújryǵy [Order of the Minister of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan dated January 30, 2019 No. 11-1-4/33 *On approval of the regulations of the Republican State Institution "Investment Committee of the Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan"*]. Available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/G19IY111433> [in Kazakh]. (accessed 01.05.2022).
4. «KAZAKH INVEST» ultiq kompanijasy» akcionerlik qoǵamynyñ 2018 – 2027 zhyldarğa arnalğan damu zhosparyn bekitu turaly» Qazaqstan Respublikasy Úkimetiniñ 2018 zhylyǵy 28 zheltoqsandaǵy № 900 qaulysy. [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 28, 2018 No. 900 *On approval of the development plan of the Joint Stock Company "National Company "KAZAKH INVEST" for 2018-2027"*]. Available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000900> [in Kazakh]. (accessed 01.05.2022).
5. «Arnajy jekonomikalyq zháne industrijalıyq ajmaqtar turaly» 2019 zhylyǵy 3 säurdeǵı Qazaqstan Respublikasynyñ Zańy. [Law of the Republic of Kazakhstan dated April 3, 2019 *On Special Economic and Industrial Zones*]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000242> [in Kazakh]. (accessed 01.05.2022).
6. Kazakh invest kompanijasynyñ resmi sajty, [Official website of Kazakh invest]. Available at: <https://invest.gov.kz/kz/doing-business-here/fez-and/the-list-of-sez-and/> [in Kazakh]. (accessed 01.05.2022).
7. Qazaqstan Respublikasy Ädilet ministrliǵınıñ resmi sajty [Official website of the Ministry of Justice of the Republic of Kazakhstan]. Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/adilet/press/news/details/486826?lang=kk> [in Kazakh]. (accessed 01.05.2022).
8. Mainjustice sajty. [Mainjustice Website]. Available at: <https://www.mainjustice.com/justanticorruption/2010/11/19/in-stunning-end-to-kazakh-bribe-case-judge-lauds-giffen-as-a-patriot/> [in Kazakh]. (accessed 01.05.2022).
9. «Transparency international the global coalition against corruption» resmi sajty. [Transparency International official website]. Available at: <https://www.transparency.org/en/cpi/> [in Kazakh]. (accessed 01.05.2022).
10. Qazaqstan Respublikasynyñ 1995 zhyly 30 tamyzda Konstitucijasy [Constitution of the Republic of Kazakhstan dated August 30, 1995]. Available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> [in Kazakh]. (accessed 01.05.2022).
11. Qazaqstan Qor birzhasynyñ resmi sajty. [Official website of the Kazakhstan Stock Exchange]. Available at: <https://www.kase.kz> [in Kazakh] (accessed 01.05.2022).
12. Astana halyqaralyq birzhasynyñ resmi sajty [Official website of the Astana International Exchange]. Available at: <https://aix.kz/kk/about-aix-kk/overview-kk/> [in Kazakh]. (accessed 01.05.2022).
13. The Global Economy.com resmi sajty [Global Economy.com official website]. Available at: https://www.theglobaleconomy.com/rankings/foreign_direct_investment/ [in Kazakh]. (accessed 01.05.2022).

Автор туралы мәлімет:

Уәли Еламан Сайлаубайұлы – Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс комитетінің бас сарапшасы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің 2 курс докторанты, Астана, Қазақстан.

Uali Yelaman Sailaubaiuly – Chief Expert, State Defense Order Committee, Ministry of Industry and Infrastructure Development of the Republic of Kazakhstan, 2nd year PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Уали Еламан Сайлаубайұлы – главный эксперт Комитета государственного оборонного заказа Министерства промышленности и инфраструктурного развития Республики Казахстан, докторант 2 курса, Евразийский национальный университет им.Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан.